

## Сот шешімімен Қорғалжын ауданының коммуналдық меншігіне түскен болыш танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 ақпрандағы № 3/25 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 наурызда № 6451 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 тамыздағы № 2/10 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 25.08.2021 № 2/10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Казақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Сот шешімімен Қорғалжын ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қүшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Корғалжын аудандық  
мәслихат сессиясының  
терагасы

Н. Баешев

Корғалжын аудандық  
мәслихат хатшысы

Ө. Балғабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Корғалжын ауданының  
әкімі

Қ. Рыскелдінов

13.02.2018

Корғалжын аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 13 ақпрандағы  
№ 3/25 шешімімен  
бекітілген

Сот шешімімен Қорғалжын ауданының коммуналдық меншігіне түскен болыш танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Сот шешімімен Қорғалжын ауданының коммуналдық меншігіне түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 20-1 бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен Қорғалжын ауданының коммуналдық меншігіне түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібін айқындайды.

2. Иесіз қалдықтарды Қорғалжын ауданының коммуналдық меншігіне беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды ауданының жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

4. Иесіз қалдықтарды басқару мақсатында ауданының жергілікті атқарушы органы комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Иесіз қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде "Қорғалжын ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленеді.

5. Иесіз қалдықтарды басқару - бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, іске асыру, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

## **2-тaraу. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі**

6. Иесіз қалдықтарды есепке алу, сактау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мүлікті есепке алу, сактау, бағалау және одан әрі пайдалану Қағидаларына сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген иесіз қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды ауданының жергілікті атқарушы органы комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Иесіз қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Иесіз қалдықтар іске асырылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін олардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **3-taraу. Қорытынды ережелер**

10. Иесіз қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖК РМК